

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ: ДЕМОКРАТИЯНЫ ДАМУ БОЙЫНША ӘРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫСТАР

Ж.Г. САРСЕНБАЕВА*
Л.Т.КӨКЕН*

Түйіндеме: Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы байланыстардың тарихы тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен басталады. Әсіресе демократияны дамыту бойынша байланыстарының өзіндік тарихы бар. Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасында жасалған 1995 жылы, 2015 жылы екі бірдей келісім жасалды. Мақалада осы екі келісімдердің мәні, келісімнің демократияны дамытудағы орны анықталады. Автор тарапынан осы мәселеге қатысты өзіндік тұжырымы жасалады. Екі келісімнің баптары қарастырылып, оның демократия принциптерінің дамытуына қосатын үлесіне баға беріледі. Мысалы адам құқықтары, заң және оның үстемдігі, пікір білдіру еркіндігі, азаматтардың сайлау құқығы, мемлекеттік биліктің тармақталуы сияқты мәселелер ашылады. Автор тарапынан жасалған тұжырымдар жеке ізденісі мен тарихи құжаттарға негізделеді.

Автор мақалада барысында ғылыми-зерттеу әдістерінің үлкен бөлігін қолданады. Мәліметтерді салыстырмалы талдау, сонымен қатар ретроспективалық әдіс арқылы Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы байланыстарды сипаттау жүзеге асады. Жалпыдан жалқыға өту әдісі арқылы алдымен Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы байланыстардың тарихы ашылып, нақты демократияны дамыту ісі бойынша атқарылған шаралар анықталады. Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін жариялағаннан кейін өз алдына дербес ел ретінде даму жолына түсті. Мемлекет үшін маңызды мәселелер өте көп еді. Олардың қатарында территориялық тұтастық, халықаралық қауымдастыққа мүше болу, азаматтық қоғамды қалыптастыру, заңның үстемдігіне қол жеткізу және тағы да басқа мәселелер. Солардың бірі демократиялық қоғам қалыптастыру және үнемі демократияны дамытуға көңіл бөлу еді. Міне осы мақсатта Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы байланыстар орнығып, бүгінде даму үстінде.

Кілт сөздер: халықаралық байланыстар, саясат, демократия, Қазақстан Республикасы, Еуропалық Одақ, заң, құқық, әріптестік.

Kazakhstan and the European Union: Partnerships in Developing Democracy

Abstract: The history of relations between Kazakhstan and the European Union dates back to the first days of independence. Especially the ties on the development of democracy have their own history. Kazakhstan and the European Union signed two agreements in 1995 and in 2015. The article defines the essence of these two agreements, the place of the agreement in the development of democracy. On the part of the author, his own conclusions are drawn on this issue. The articles of the two agreements are considered and its contribution to the development of the principles of democracy is assessed. For example, issues such as human rights, the law and its rule, freedom of expression, citizens' suffrage, and the branching of state power are revealed. The conclusions made by the author are based on personal research and historical documents.

The author uses a large part of the research methods in the course of the article. A comparative analysis of the data, as well as a description of the contacts between Kazakhstan and the European Union is carried out using a retrospective method. By the method of transition from general to lazy, the history of relations between Kazakhstan and the European Union will be revealed, and the measures taken to develop a specific democracy will be determined. After the proclamation of its sovereignty, the Republic of Kazakhstan embarked on the path of development as an independent country. There were many important issues for the state. These include issues of territorial integrity, membership in the international community, the formation of civil society, the achievement of the rule of law and many others. One of them was the formation of a democratic society and constant attention to the development of democracy. For this purpose, relations between Kazakhstan and the European Union have been established and are developing today.

Key Words: international relations, politics, democracy, the Republic of Kazakhstan, the European Union, Law, Partnership.

Кіріспе

* Саяси ғылымдар кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. zhakentiy@mail.ru

**Әлеуметтік ғылымдар институты, Іскерлік басқару кафедрасы, өндірісті басқару және маркетинг бөлімі (мамандығы)(PhD), Нигде Өмер Халисдемир университеті, Нигде, Туркия, lazzatkaken@gmail.com

Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасында демократияны дамыту бағытындағы байланыстарды ашу бүгінгі күннің маңызды әрі өзекті тақырыптарының бірі болып табылады. Бүгінгі күнге дейін зерттеушілер Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы экономикалық сипаттағы байланыстарға көп мән беріп келген болатын. Рас саяси негіздегі байланыстар да ашылғанымен дәл демократияны дамыту мәселелесі назардан тыс қалып келді. Зерттеушілер Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы тұрақты байланыс, қауіпсіздік мәселесі, кедейшілікке қарсы күрес, сапалы өмір сүру сияқты әлеуметтік мәселелерге мән берді. Көлік және энергетика, қоршаған орта және оны қорғау, жоғары білім беру ісі, экономикалық мәселелерге мән берілді. Зерттеушілер демократия, оның принциптері, оны дамыту мәселелеріне үстірт қарап, тек жанама мәліметтер берумен шектелді. Бұл тұрғыда келгенде, біздің қарастырып отырған тақырып өзінің өектілігімен ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмысының тың бағыты ретінде ерекшеленеді. Оған қоса аталған тақырыптың теориялық-тәжірибелік маңыздылығы да жоғары. Кез-келген ел үшін, әсіресе посткеңестік мемлекеттер үшін демократия ұғымы тек XX ғасырдың 90-шы жылдары ғана таныс болды. КСРО сияқты алпауыт елдің бір одақтас республикасы болып өмір сүрген елдер коммунистік партияның, большевиктік тәртіптің талаптарына сай өмір сүрді. Мемлекеттік биліктің тармақталуы, азаматтардың пікір білдіру еркіндігі сияқты демократиялық принциптер тығырыққа тірелді. Тек КСРО-ның таратылуы Қазақстан сынды Республикаларға жаңа мүмкіндіктер берді. Мемлекеттер демократиялық даму жолына түсті. Осы бағытта бірнеше халықаралық ұйымдармен тығыз әріптестік байланыстар орнатты. Мұндай ұйымның қатарына Еуропалық Одақты жатқызуға болады. Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы демократияны дамыту бойынша байланыстар алғашқы күннен қарқынды жүрді және бірнеше бағыттарды қамтыды. Азаматтардың пікір білдіруіндегі еркіндік, заңның үстемдік құруы, биліктің тармақталуы, адам құқықтары және оның сақталуы сияқты мәселелер өз шешімдерін тапты.

Жалпы Қазақстан Республикасы өзінің сыртқы саясатында басымдылық беретін халықаралық ұйымдар бар. Мұндай басымдылыққа ие ұйымдардың бірі Еуропалық Одақ өзінің жұмысында демократиялық принциптердің қорғалуына жеткілікті мән береді. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы байланыстарда қос тарап бірнеше келісімдерге келді. Солардың бірі «Әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім» болып табылады. 2020 жылы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасында «Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылды. Негізінен Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы әріптестік байланыстар 2000 жылдардан бастап белсенді жүрді. Оған дейін де байланыстар орнатылған. Мысалы 1995 жылы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасында келіссөздер жүрген. Бұл келіссөздерде қос тарап арасындағы байланыстардың бағыттары анықталды. Осы бағыттар бойынша атқарылатын шаралардың жоспары даярланып, нақты келісімдер 2000 жылдары қайта жанданды. Осы жылы Брюссель қаласында Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасында кездесу ұйымдастырылады. Бұл кездесу қос тарап үшін де пайдалы болады. Өйткені бірнеше стратегиялық маңызды деп саналатын мәселелерде әріптестік байланыс орнайды. Еуропалық комиссияның төрағасы болған Р. Проди демократияны дамыту бойынша Қазақстан Республикасының ұсынысына қолдау білдіреді. 2015 жылы 21 желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ерлан Идрисов Еуропалық Одақ ұйымының сыртқы саясат пен қауіпсіздік төрағасы қызметін атқарған Ф. Могеринимен кездесіп, қос тарап арасындағы әріптестіктің жаңа белесін ашады. Бұл келісім Қазақстан тарапынан 2016 жылы мамырда мақұлданған. Тек Еуропалық Одақ мүшелері ғана Қазақстанмен арадағы байланысты толыққанды зерттеп, 2020 жылы

келісімді мақұлдаған болатынды. Бұл келісім Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы әріптестік байланыстың жаңа деңгейіне айналды.

Қазақстан Республикасының демократиялық даму жолына түсуі 1995 жылдан басталады. Дәл осы жылы қабылданған Конституцияда еліміз өзін демократиялық мемлекет деп жариялаған болатын. Сонымен қатар конституцияда өзін құқықтық мемлекет деп жариялайды. Құқықтық мемлекет дегеніміз әр азаматтың құқығының сақталуына мән беруді білдіреді. Еуропалық Одақ та әр азаматтың құқықтарының сақталуын талап ететін ұйымдардың бірі. Осы тұрғысынан келгенде мүдделердің ортақтығы бар. Қос тарап та демократияны дамыту, демократиялық институттарды қалыптастыру, адам құқықтарын қорғау сияқты маңызды мәселелерге назар аударды.

Жоғарыда атап өткеніміздей Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы әріптестік байланыстар 1995 жылдан басталады. Алайда қос тарап арасындағы бұл келісім тек қана 1999 жылы күшіне енді. Жоғарыда атап өткеніміздей бұл келісімдер демократиядан бұрын, экономикалық негіздерді басшылыққа ала отырып жасалған еді. Осылайша Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасында 2000 жылдан кейін тығыз әріптестік байланыстар орныға бастады. Өз шешімін тапқан мәселелердің ішінде мынандай салаларды бөліп атауға болады:

-Қос тарап арасындағы сауда және экономикалық байланыстарды күшейту, инвестиция тарту мәселелері;

-Еуропа нарығындағы тауарларға, қызметтерге қол жетімділікті қамтамасыз ету;

-Энергетика саласы бойынша Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ әріптестік;

-Газ өндіру саласы бойынша қос тараптың қызығушылықтарына сай келетін әріптестік байланыстар орнату;

-Қаржылық әлеует, банк салаларындағы әріптестік байланыстарды күшейту [1, 107 б.].

Зерттеушілер арасында алғашқы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы байланыстарда тек Еуропалық тараптың мүдделері көп ескерілгені туралы ой айтады. Мысалы Р.С. Курмангужин өз еңбектерінде Қазақстан Республикасы ұсынған мәселелер маңызды болғанына қарамастан, ол бойынша нақты шешімдер қабылданған жоқтығын атап өтеді. Қазақстан тарапы ұсынған мәселелердің ішінде терроризм мен ұйымдасқан қылмысқа, сонымен қатар заңсыз есірткі саудасына күш біріктіруге қол жеткізу, әріптестік байланыстарды күшейту болған еді. Біздің пікірімізше алғашқы келісімдердің де Қазақстан үшін артықшылықтары мол болды. Өйткені ел егемендігінің алғашқы жылдарында экономиканы тұрақты даму жолына қоюдың маңыздылығы жоғары саналды. Қазақстан Еуропа нарығындағы банк саласының артықшылықтары, сауда-экономикалық байланыстардың тиімді тұстарына ие бола алды. Бұл өз кезегінде болашақта демократияны дамыту бойынша әріптестікті күшейтуге негіз болды [2, 189 б.]. Осы мәселеге қатысты бірқатар зерттеушілер Қазақстан тарапының тәжірибесіне жоғары бағасын да береді [3, 127 б.].

Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасында жасалған 1995 жылғы әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімінің баптарына тоқталар болсақ, 1 бапта келісімнің мақсаты айқындалады. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ өзара саяси диалог орнату, саяси қатынастарды дамыту мақсаты айқындалады. 92 бапта қос тарап арасындағы әріптестік келісімі 10 жылға жасалғаны және мерзім аяқталса, келісім автоматты түрде созылатыны айқындалады. Келісім қос тараптың жазбаша түрде әріптестікті тоқтату бойынша хабарламасы негізінде тоқтатылатыны белгілі болды [4]. Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы әріптестік байланыстарды Кеңес жұмысы жүзеге асырып, Кеңестің шешімі негізінде әріптестік байланыстардың бағыттары айқындалды.

2007 жылы «Астаналық үдеріс» деп аталған Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы кездесулер өтті. Осы диалогтық байланыстың негізінде 2007 жылы Брюссель қаласында «Еуропалық Одақ және Орталық Азия: жаңа әріптестіктің стратегиясы» деген саммит өз жұмысын бастаған. Еуропалық Одақтың Кеңесі бас хатшысы қызметін атқарған Хавьер Солананың Қазақстанға келуі де үлкен жаңалық болды. Тек Қазақстан ғана емес, сонымен қатар Орта Азия мен Еуропалық одақ арасындағы байланыстар орныға бастауына жол ашылды [5, 26 б.].

Демократияны дамыту, адам құқықтары, азаматтардың еркін пікір білдіру құқықтары, биліктің тармақталуы сияқты мәселелер де өз шешімін тапты. 2011 жылы осы бағыттағы әріптестік байланыстар жаңа деңгейге шықты. Дәл осы жылы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы демократияны дамыту бойынша әріптестік байланыстардың 8 кезеңі жүзеге асты [6, 5 б.]. 2020 жылы Қазақстан Республикасы Орталық Азия елдері ішінде бірінші болып Еуропалық Одақпен жаңа келісімдерге қол жеткізді. Қазақстан Республикасының тәжірибесі бірнеше мемлекеттер, соның ішінде Өзбекстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы басшылыққа алып, жүзеге асыруда екендігін байқауға болады.

Рас Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы байланыстардың сауда-экономикалық қана емес, едемократияны дамытуға да қосар үлесі мол. Еуропа мемлекеттері адам құқықтарының сақталуы, пікір еркіндігі, азаматтардың сайлау құқығы сияқты демократиялық принциптердің дамығандығымен ерекшеленеді. Сол себепті болар, демократия қағидаттары Еуропалық Одақ үшін аса маңызды түсініктер болып табылады. Еуропалық Одақ құрылымы, жұмыс жасау тәртібінде де демократиялық қағидаттар барынша сақталады [7, 85 б.].

Еуропалық одақтың құрылымдық ерекшеліктері де демократиялық қағидаттармен терең ұштасып жатыр деп айта аламыз. Еуропарламент, комиссияның жұмыстарында да тұрғындардың пікірімен санасу сияқты демократия талаптары қатаң сақталады [8, 76 б.]. Белгілі бір дәрежеде Қазақстан Республикасындағы биліктің тармақталуында да осы ұқсастықтар бар [9, 2 б.].

Демократиялық биліктің бірден-бір көрсеткіші азаматтардың сайлау құқығының болуы деп айта аламыз. Өйткені мемлекеттік билікке азаматтар тек сайлау арқылы ғана әсер ете алады. Дәл осы сайлау принциптерінің сақталуы демократияны дамыту ісінде аса маңызды. Осы маңыздылықты сезінген Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ осы мәселеде белсенді әріптестік танытады. Мысалы еліміздегі әр сайлау науқанына Еуропалық Одақтың мүшелері арнайы қатысып, сайлаудың әділ өтуі, азаматтардың пікір еркіндігі сияқты мәселелер бойынша бақылау жұмыстарын ұйымдастырады. Бұл арқылы Еуропалық одақ еліміздегі азаматтық қоғамның дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Азаматтық қоғамның қалыптасуы да демократияның дамуының басты көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Қазақстанда жасалып жатқан шаралар, демократияны дамыту бойынша атқарылған жұмыстар бойынша Еуропалық одақ өзінің бақылаулары мен есептерін де нақты бекітілген ереже, талаптар мен еліміз бойынша нақты мәліметтер бойынша атқарады. Нақты айтқанда Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Адам құқықтар және демократиялық институттар бойынша Бюро мәліметтеріне негіздей отырып, жұмыстар атқарады. Бір атап өтетін жайт, Қазақстандағы сайлау шараларын Еуропалық одақ тек мақтап, оның жағымды жақтарын ғана көрсетіп қоймайды. Сайлау барысындағы олқылықтарды да ашық атап өтеді. Оның ішінде үміткерлердің барлығына бірдей жағдайдың жасалмауы сияқты ұйымдастырушылық мәселелер бар.

Жалпы азаматтық қоғам қалыптасқан жағдайда демократияның дамуы үлкен мәселеге айнала қоймайды. Сол себепті де Еуропалық одақ Қазақстандағы азаматтық қоғамның дұрыс қалыптасуына мән береді. азаматтық қоғам қалыптасқан жағдайда біз

жоғарыда атап өткен сайлау науқаны да белсенді болады. Өйткені азаматтар өздерінің азаматтық құқықтарының сақталуына мән беріп, өзінің сайлау құқықтарын жүзеге асырады. Осы бағытта Қазақстан Республикасында Еуропалық одақ екі бірдей бағдарламаны жүзеге асыруда:

- EIDHR деп аталатын «Демократия мен адам құқықтарын қолдаудың Еуропалық құралы»;

- NSA/LA деп аталатын «Мемлекеттік емес нысанлар мен жергілік билік органдарын қолдау» бағдарламалары [10, р. 477].

Еуропалық одақ Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуындағы жеткен жетістіктерін де жасырмайды. Мысалы Қазақстанда бірнеше ұлт пен ұлыс өмір сүруде. Міне Еуропалық одақ осы ұлттарды ортақ идеологияға біріктіріп, қоғам мүшелерінің толерантты болуын ерекше атап өтеді. Сонымен қатар Қазақстан азаматтары арасындағы қарым-қатынастарда гуманисттік принциптердің үстемік етуі де азаматтық қоғамның дұрыс қалыптасуына алып келетін факторлар қатарына жатады. Азаматтардың, ұлттардың заң алдындағы теңдігінің сақталуы да қоғамда заңның үстемдік етуіне алып келеді деп санайды Еуропалық одақ комиссиясы.

2023 жылы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы дипломатиялық қатынастар, демократияны дамыту шараларына 30 жыл толды. Осы айтулы шара қарсаңында, яғни 2022 жылы елімізге Еуропалық Кеңестің төрағасы Чарльз Мишель келді. Қазақстан тарапы төрағаның Қазақстанға сапарына ерекше мән берді. Еуропалық одан Кеңесінің төрағасының Қазақстанға келуі Еуроодақ пен еліміз арасында әріптестік байланыста жаңа деңгейге көтеріледі деп сенім білдіреді. Кеңес төрағасының Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевпен кездесуі сенімді атмосфера жағдайында өтті. Келіссөздер барысын қарқынды саяси диалогты жалғастыру, әріптестік пен ынтымақтастық туралы Келісім шеңберінде Қазақстан Республикасын стратегиялық әріптес ретінде тану мәселесі ерекше аталып өткен болатын. Келіссөздер барысында Ч. Мишель «Қазақстан мен Еуропалық одақ арасындағы байланыстар жыл өткен сайын күшеюде. Осы байланыстар арқылы Орталық Азия мен Еуропа бір-біріне жақындады. Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақтың маңызды серіктесі болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан халықаралық аренада, геосаяси жағдайда да маңызды елдердің бірі саналады. Қазақстанның Орталық Азия және Еуропалық Одақ мемлекеттері басшылары кездесуін бірінші рет өткізуі де аса маңызды. Орталық Азия елдерімен тығыз ынтымақтастық орнатуда Қазақстанның ролі жоғары. Бұл Орталық Азия өңірінің дамуы, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндіктер береді» деген болатын [11].

Рас Еуропалық одақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы байланыстарға 2023 жылы 30 жыл толған еді. Қазақстан мен Еуроодақ арасында дипломатиялық қатынастар 1993 жылдан бастап орныға бастады. Бүгінгі таңда Қазақстан мен Еуроодақ арасында ірі сауда және инвестициялық жобалар, серіктестіктер жүзеге асуда. Осы отыз жыл аралығында Қазақстан экономикасына 160 млрд доллардан астам еуропалық инвестиция тартылған болатын. Бұл өте үлкен қаражат болып табылады. Қазақстан мен Еуропалық одақ арасындағы бірінші дипломатиялық байланыстар 1993 жылы орынқты. Алайда бірлескен келісім шарттар әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім 1995 жылы қаңтар айында Брюссельде қол қойды. Кейінірек, 2015 жылы желтоқсан айында жан-жақты келіссөздер жүріп, Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы Кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастыққа қол жеткізілді. Бүгінгі күні қос тарап арасындағы әріптестік 29 саланы қамтиды. Соның бірі – демократияны дамыту болып табылады деп айтуға толық негіз бар.

Қазіргі таңда да Қазақстан үшін Еуропалық одақпен әріптестік байланыстарды күшейту стратегиялық маңызға ие мәселелердің бірі болып қала береді. Мысалы 2024

жылдың 14 қазанында Люксембургте Еуроодақ пен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық кеңесінің 21-ші отырысы өткен болатын. Отырыс барысында қос тарап үшін маңызды болған мәселелер өз шешімін тапты. Отыз жыл бұрын өзекті саналған демократияны дамыту мәселелері де ынтымақтасты отырыс барысында талқыланды.

Қазақстан үшін ғана емес, сонымен қатар Еуропалық Одақ үшін де мұндай ынтымақтасты кеңес отырыстарының маңыздылығы жоғары саналады. Өйткені жоғарыда атап өткеніміздей Еуропалық Одақ үшін Қазақстан Орталық Азия елдерімен тығыз байланыстар орнатуға жол ашады. Сол себепті де қос тараптың да өзара әріптестікті күшейтуге қызығушылықтары бар деп санауға болады.

Рас соң Люксембургтегі кездесу барысында демократияны дамыту шараларымен қатар, Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту, «global Gateway» деп аталатын еуропалық бастамасын іске асыру болды. Осы тақырыпты талқылау екі тараптың өзара тиімді орнықты дамуға қол жеткізу жөніндегі іс-қимылдардың дәйектілігін қамтамасыз ету үшін екіжақты өзара іс-қимылды үндестіруге деген ұмтылысына негізделген.

Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасында тауар айналымы жыл сайын артып отырғаны айтылды. Мысалы 2023 жылы қос тарап арасындағы сауда-экономикалық байланыстар 41,4 млрд АҚШ долларды құрады. Маңызды мәселелер қатарында Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақтың ынтымақтастық байланыстары медицина, цифрландыру, ауыл шаруашылығы, «жасыл» энергетика, көлік және логистика бағыттарын да қамтыды. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасында ауыл шаруашылығы өнімдерін ұлғайту, еліміздің халықаралық нарыққа шығуын белсенді ету мәселелеріне арналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Курмангужин Р.С. Казахстан и ЕС: от стратегии сотрудничества к новому соглашению о продвинутом партнерстве // Сравнительная политика. – 2016. – №1(22). – 107 с.
2. Курмангужин Р.С. Казахстанские инициативы по сотрудничеству с Евросоюзом // Вестник МГИМО. – 2015. – №1(40). – 189 с.
3. Казанцев А.А. Политика стран Запада в Центральной Азии: ключевые характеристики, дилеммы и противоречия. – Москва: Наука, 2009. – 224 с.
4. О ратификации Соглашения о партнерстве и сотрудничестве между Республикой Казахстан, с одной стороны и Европейским Сообществами и их Государствами членами с другой стороны [Электрон. ресурс]: 1997. -URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000113_ (дата обращения 11.10.2023)
5. Князева А. Проекты сотрудничества и интеграции для Центральной Азии: сравнительный анализ, возможности и перспективы. – Бишкек, 2007. – 316 с.
6. Mukasheva Z., Akmedyanova D. Evolution of the bilateral partnership between European Union and Kazakhstan: results from the content analysis of the PCA and EPSCA // ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – 2023. – №2(102). – 5 б.
7. Марусин И.С. Демократические принципы управления надгосударственными образованиями (на примере Европейского Союза // Вестник Санкт-Петербургского университета. – Серия 14. – Выпуск 2. – 2015. – с. 85
8. Mikulaschek C. The responsive public: How European Union decisions shape public opinion on salient policies // European Union Politics. – Volume 25. – Issue 4. – 2023. – p. 321-340 (Scopus)
9. Асанкелдіұлы А. Парламент сайлауы – саяси реформалардың жалғасы. – Астана: Егемен Қазақстан газеті, №33. – 2023. 29 қаңтар. – 2 б.

10. Coen D., Katsaitis A. Governance, accountability, and political legitimacy: who participates in the European parliament's committee hearings // Journal of European Integration. – №44(4). – 2022. – с. 475-491 (Scopus)
11. Президенты Казахстана и Европейского союза провели брифинг для представителей СМИ // [Электронды ресурс:] <https://akorda.kz/ru/prezidenty-kazahstana-i-evropeyskogo-soveta-proveli-brifing-dlya-predstaviteley-smi-2791614>

